

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервтің  
материалдық құндылықтарын (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен)  
шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.  
Янушкевич көшесі, 2

2015 жылғы 10 қыркүйек  
сағ.11.20

**Тендерлік комиссия құрамы:** А.Т. Қадырбеков – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының м.а., тендерлік комиссияның төрағасы,

**комиссия мүшелері:** С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, Н.Ф. Айғараев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысы, Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасы басшысы, Е.Е. Арпабаев – ММРК Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Е.А. Қиялбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының орынбасары, Н.М. Иманбаев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының бас сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: А.Ә. Сәду – ММРК төрағасы ауырып қалуы себебінен, М.Ж. Орынбаев – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры еңбек демалысында, Т.А. Лигай – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының бірінші орынбасары еңбек демалысында).

**Күн тәртібі:**


1. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының бекітілген тізбесін 21 лотпен толықтыру.

2. Тауарлардың сақтау мерзімдерінің өтуіне байланысты 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының бекітілген тізбесінен 1-8, 13 и 19-30 лоттарын алып тастау.

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының бекітілген тізбесі жаңа 21 лотпен толықтырылсын.

2. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі ҚР Заңының 12-бабының 4-тармағына және жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін айналым процестеріне жібермеуге қатысты ҚР Бас прокуратурасының 2015 жылғы 14 тамыздағы түсініктемесіне сәйкес 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының бекітілген тізбесінен 1-8, 13 и 19-30 лоттары алып тасталсын.



3. Жаңадан қойылған және өзгертілген лоттар бойынша өтінімдерді ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) сайтына орналастырылғаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін үміткерлердің өтінімдері қарастырылатын болады.

4. Толықтыруларды есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында аудио-видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 10 қыркүйекте сағ. 11.45 бітті деп есептелсін.

Қосымша: толықтыруларды есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі 2 парақта.

**Комиссия төрағасы:**

А.Т. Қадырбеков




---

**Комиссия мүшелері:**

С.К. Сабырбаева





---

Н.Ф. Айғараев




---

Д.А. Нұрқанов




---

Е.Е. Арпабаев




---

Е.А. Қиялбеков




---

**Комиссия хатшысы:**

Н.М. Иманбаев




---